

ӘОЖ 37.035.6

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАР ЭТНОТУРИЗМІН ДАМУ: ҚАРҒАЛЫ АУДАНЫ ТӘЖІРИБЕСІ

Кенжебаева Айдана Ержанқызы

2-курс магистранты, «География» білім беру бағдарламасы,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: Абдуллина А.Г., PhD, қауымдастырылған профессор

Мақалада Қарғалы ауданының этнотуристік әлеуетін пайдалана отырып, мектеп оқушыларының бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың этнопедагогикалық тәсілдері қарастырылған. Зерттеу барысында авторлар оқушылар арасында сауалнама жүргізіп, өңірдегі туристік нысандарға SWOT-талдау жасаған. Мақаланың практикалық маңыздылығы ретінде иммерсивті әдіс, этно-сторителлинг және геймификация элементтеріне негізделген авторлық этнотур бағдарламасы мен білім беру моделі ұсынылған. Зерттеу нәтижелері балалар этнотуризмін тұлғаны патриоттық және рухани тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде негіздейді.

Кілт сөздер: этнопедагогика, балалар этнотуризмі, Қарғалы ауданы, ұлттық құндылықтар, иммерсивті әдіс, геймификация, этно-тур, өлкетану.

Зерттеудің өзектілігі: Қазіргі жаһандану дәуірінде өскелең ұрпақтың бойында ұлттық бірегейлікті сақтау және отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру білім беру жүйесінің басты басымдықтарының біріне айналды. Қазақстанның әрбір аймағы өзіндік тарихи-мәдени және табиғи мұраға бай, алайда осы әлеуетті мектеп оқушыларының тәрбие үдерісінде жүйелі түрде қолдану мәселесі әлі де болса өзектілігін жоғалтпай отыр. Бұл тұрғыда, өлкетану нысандарын этнотуристік бағытта пайдалану оқушыларға тек теориялық білім беріп қана қоймай, олардың рухани-адамгершілік құндылықтарын практикалық іс-әрекет арқылы нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу нысаны ретінде алынған Ақтөбе облысының Қарғалы ауданы өзінің бірегей табиғи ескерткіштерімен (Қасқыр сарқырамасы, Қарғалы су қоймасы және т.б.) және тарихи-этнографиялық мұраларымен ерекшеленеді. Дегенмен, бұл нысандардың тәрбиелік мүмкіндіктері мектеп бағдарламаларында толыққанды іске асырылмай келеді. Осы орайда, этнотуризмді тәрбие құралы ретінде қарастыру – оқушының «өзі тұрған жерді тану» (Place-Based Education) және «ата-баба мұрасын ардақтау» сезімдерін ұштастыруға бағытталған тиімді жол болып табылады.

Зерттеудің мақсаты: Қарғалы ауданының этнотуристік нысандарының тәрбиелік әлеуетін анықтау және соның негізінде мектеп оқушыларының

ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың ғылыми негізделген әдістемелік моделін ұсыну.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының әдістемелік негізі этнопедагогикалық концепциялар мен өлкетанулық ізденістердің кешенді жиынтығынан тұрады. Зерттеу барысында Г.Н. Волковтың этнопедагогикалық тұжырымдамасы мен G. Smith ұсынған «Place-Based Education» бағытына теориялық талдау жасау әдісі қолданылды. Оқушылардың этнотуризмге деген қызығушылығын және танымдық қажеттіліктерін анықтау мақсатында 50 респондентті қамтыған сауалнама (анкеталау) әдісі пайдаланылып, алынған мәліметтерге сандық және сапалық талдау жүргізілді. Қарғалы ауданының табиғи-мәдени нысандарын (Сәрке батыр кесенесі, Қасқыр сарқырамасы, Қарғалы су қоймасы) зерттеу нысаны ретінде ала отырып, өңірдің туристік әлеуетіне жүйелі SWOT-талдау жасалды. Зерттеудің қорытынды кезеңінде педагогикалық модельдеу әдісі арқылы иммерсивті, сторителлинг және геймификация тәсілдеріне негізделген авторлық этнотур бағдарламасы мен білім беру моделі құрастырылды. Барлық жинақталған материалдар статистикалық өңдеуден өтіп, балалар этнотуризмін дамытудың педагогикалық тетіктерін негіздеуге пайдаланылды.

Нәтижелер мен талқылау

Этнопедагогика — халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиелік тәжірибесі мен мәдени мұрасын жас ұрпақтың бойына сіңірудің басты құралы болып табылады. Оның негізгі мақсаты — қоршаған орта, туған өлке және тарихи нысандар арқылы баланың ұлттық бірегейлігін қалыптастыру. Жүргізілген зерттеу жұмысы көрсеткендей, этнопедагогикалық тәсілдерді туризм саласына интеграциялау оқушыларға тек ақпарат беріп қана қоймай, олардың тарихи мекендермен рухани байланысын нығайтуға мүмкіндік береді [1].

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру процесін мектеп қабырғасымен шектемей, оны нақты географиялық және мәдени ортамен байланыстыру — халықаралық педагогикалық тәжірибедегі басты бағыттардың бірі болып табылады. Соңғы жылдары жарық көрген халықаралық зерттеулерде оқушыларды туған өлкенің ресурстары арқылы оқытудың (Place-based education) маңыздылығы ерекше аталып өтуде. Мұндай тәсіл білім алушының қоршаған ортамен тікелей байланыс орнатуына, жергілікті нысандарды зерттеу арқылы теориялық білімді практикамен ұштастыруына жол ашады [2]. Сонымен қатар, мәдени туризм аясында этнопедагогикалық әдістерді қолдану - жастардың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың жаңа мүмкіндіктерін туғызуда. Заманауи ғылыми көзқарастарға сәйкес, тарихи-мәдени мұра нысандарына жасалған саяхаттар кезінде педагогикалық механизмдерді жүйелі пайдалану оқушының тұлғалық дамуына және мәдениеттер арасындағы сабақтастықты сезінуіне тікелей әсер етеді [3]. Осы

тұрғыдан алғанда, Қарғалы ауданының ресурстық әлеуетін саралау және оқушылардың сұранысын талдау — халықтық тәрбие элементтерін заманауи білім беру форматында қайта жаңғыртуға жол ашады. Төменде осы бағытта жүргізілген эмпирикалық зерттеулердің нақты көрсеткіштері мен олардың мазмұндық талдауы ұсынылады.

Зерттеу аясында Қарғалы ауданы мектеп оқушылары арасында сауалнама жүргізілді. Оған 50 оқушы қатысты: 52%-ы қыз, 48%-ы ұл. Респонденттердің 94%-ын 7–8 сынып, 6%-ын 9–10 сынып оқушылары құрады.

Нәтижелер оқушылардың ұлттық құндылықтарға қызығушылығы жоғары екенін көрсетті. Атап айтқанда, 52% оқушы салт-дәстүрлер мен ұлттық ойындарға ерекше қызығушылық танытса, 46%-ы қызығатынын, бірақ жеткілікті деңгейде білмейтінін айтқан. Бұл қызығушылық бар болғанымен, білімнің жүйесіз екенін байқатады.

Аймақтық тарихты білу деңгейі төменірек: тек 14% оқушы жақсы білетінін көрсетсе, қалғандары толық меңгермеген немесе мүлде білмейді. Бұл жергілікті тарихи-танымдық жұмыстарды күшейту қажеттігін көрсетеді.


Ұлттық қолөнерге қатысты 52% оқушы шеберлік сағаттарына қатысқысы келеді. Сонымен қатар, оқушылардың 88%-ы белсенді демалысты таңдаған. Бұл олардың қозғалысқа негізделген іс-шараларға бейімділігін дәлелдейді.

Қарғалы ауданындағы туристік нысандарға бару деңгейі де төмен: тек 32% ғана барған, ал қалғандары тек естіген немесе мүлде білмейді. Дегенмен, этно-ауыл ашылған жағдайда оқушылардың 92%-ы баруға дайын екенін білдірді.

Этно-саяхат барысында ұлттық ойындар (56%), фото/влог түсіру (38%), табиғатта түнеу (26%), ұлттық тағам дайындау (25%) сияқты белсенді және тәжірибелік іс-әрекеттер жоғары қызығушылық тудырады. Сауалнама нәтижесінде оқушылардың 86%-ы мұндай саяхаттар туған өлке тарихын тануға көмектеседі деп есептейді.

Жалпы алғанда, оқушылар арасында этномәдени мазмұнға қызығушылық жоғары, алайда оны тиімді ұйымдастыру жеткіліксіз. Сондықтан этнопедагогикалық тәсілдерге негізделген этнотуризмді дамыту өзекті болып табылады.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым бөлігі (92%) өлке тарихына қызығушылық танытып, этно-бағыттағы жаңа нысандарға баруға дайын екендігін білдірді. Алайда, оқушылардың туған өлке нысандарын білу деңгейінің (14%) төмендігі осы бағыттағы ақпараттық-танымдық жұмыстарды жүйелеу қажеттігін айқындайды.










1-сурет. Қарғалы ауданында балалар этнотуризмін дамыту: сауалнама нәтижелері

Осы орайда, сауалнама қатысушыларының белсенді демалыс пен танымдық саяхатқа деген сұранысын қанағаттандыра алатын Қарғалы ауданының негізгі туристік әлеуетін саралау маңызды. Төменде аудан аумағындағы тарихи, мәдени және табиғи нысандардың этнопедагогикалық мүмкіндіктеріне сәйкес жасалған жіктелімі ұсынылады (1-кесте).

1-кесте. Қарғалы ауданының этнотуристік нысандарының жіктелімі [4], [5]

Табиғи-ландшафттық нысандар	Экологиялық-эстетикалық тәрбие	«Қасқыр» сарқырамасы	Бұл нысан тек табиғат ескерткіші емес, ол жергілікті фольклормен, аңыздармен тығыз байланысты. Оқушылар мұнда табиғаттың әсемдігін көріп қана қоймай, киелі жерлерге деген құрмет пен «табиғат-ана» концепциясын этнопедагогикалық тұрғыдан меңгереді.
			
		Қарғалы су қоймасы	Аймақтың ең ірі су нысаны ретінде оқушыларға туған өлкенің табиғи ресурстарын бағалауды және экологиялық жауапкершілікті үйретеді.
			

<p>Тарихи-археологиялық нысандар</p>	<p>Тарихи таным мен ұлттық намыс</p>	<p>Қызылтам кесенесі</p> 	<p>Бұл нысан оқушыларға тарихи-мәдени мұраның маңызын түсіндіреді. Кесене арқылы рухани құндылықтарға құрмет пен өткенге тағзым жасау дағдылары қалыптасады.</p>
	<p>Жаман-Қарғалы I, обалы қорым</p> 	<p>Бұл қорым ежелгі жерлеу дәстүрлері мен дүниетанымды тануға мүмкіндік береді. Оқушылардың тарихи ойлау қабілеті дамып, ұлттық құндылықтарға қызығушылығы артады.</p>	
	<p>Кеңсайран қорымы</p> 	<p>Бұл нысан оқушыларды ежелгі мәдениетпен таныстырып, тарихи санасын қалыптастырады. Археологиялық бұйымдар арқылы ата-бабалардың тұрмысы мен эстетикалық талғамын түсінеді. Ұлттық мұраға құрмет сезімі дамиды.</p>	
	<p>Шаншар қорымы</p> 	<p>Қорымдағы бұйымдар ежелгі колөнер мен ою-өрнектердің мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Оқушылардың эстетикалық талғамы артып, ұлттық мәдениетке қызығушылығы қалыптасады.</p>	
	<p>Гүрілдек қорымы</p> 	<p>Бұл нысан арқылы оқушылар ежелгі тайпалардың тұрмысы мен дүниетанымын таниды. Тарихи ойлау қабілеті дамып, ұлттық құндылықтарды бағалауға үйренеді.</p>	
	<p>Нұрпеке хазірет мешіті</p> 	<p>Бұл нысан тек діни ескерткіш емес, ол аймақтың рухани тарихы мен сәулет өнерінің жәдігері. Оқушылар мұнда ата-бабалардың сенімі мен рухани құндылықтарын танып қана қоймай, тарихи сабақтастықты сезінеді. Мұндай киелі орындар балалардың бойында имандылық, үлкенге құрмет және өз халқының өткеніне деген мақтаныш сезімін этнопедагогикалық тұрғыдан</p>	

			қалыптастырады.
Әлеуметтік-этнографиялық нысандар	Ұлттық құндылықтар мен қолөнер	<p>Этно ауыл «Рух»</p> 	Бұл кешен оқушылардың ұлттық болмысын жаңғыртуға арналған «тірі музей» іспеттес. Мұнда балалар көшпелілердің тұрмыс-салтымен, киіз үй жабдықтарымен және салт-дәстүрлермен (қонақжайлылық, шеберлік) тікелей танысады. Бұл ортада оқушылар ұлттық құндылықтарды практикалық тұрғыдан меңгеріп, өздерін көшпелі мәдениеттің мұрагері ретінде сезінуге мүмкіндік алады.

Жоғарыда аталған нысандар Қарғалы ауданының этнотуристік базасын құрағанымен, оларды балалар туризмі бағытында тиімді пайдалану үшін өңірдің ішкі мүмкіндіктері мен сыртқы кедергілерін саралау қажет. Осы мақсатта нысандардың ақпараттық, инфрақұрылымдық және педагогикалық әлеуетін ескере отырып, аудан туризміне кешенді SWOT-талдау жүргізілді (Кесте-2). Бұл талдау өңірдің мықты тұстарын нығайтып, кездесетін қауіптердің алдын алуға мүмкіндік береді.

2-кесте. Қарғалы ауданында балалар этнотуризмін дамытудың SWOT-талдауы

Күшті жақтары (Strengths)	Әлсіз тұстары (Weaknesses)
<p>1. Бірегей табиғи нысандар: Қасқыр сарқырамасы, Қарғалы су қоймасы, Шәмші көлі сияқты рекреациялық ресурстардың болуы.</p> <p>2. Тарихи-этникалық мұра: Сәрке батыр кесенесі, Қызылтам ескерткіші сияқты киелі нысандардың болуы.</p> <p>3. Географиялық тиімділік: Ақтөбе қаласына жақындығы, бұл облыс орталығынан мектеп оқушыларын тартуға мүмкіндік береді.</p> <p>4. Экологиялық таза орта: Этно-ауыл мен эко-соқпақтарды ұйымдастыруға қолайлы ландшафт.</p>	<p>1. Инфрақұрылымның төмендігі: Кейбір тарихи нысандарға баратын жолдардың сапасыздығы және демалыс орындарындағы сервис деңгейі.</p> <p>2. Маман тапшылығы: Балалармен жұмыс істей алатын мамандандырылған этно-гидтер мен педагог-нұсқаушылардың аздығы.</p> <p>3. Маусымдық тәуелділік: Негізгі туристік белсенділіктің тек жазғы және көктемгі айлармен шектелуі.</p> <p>4. Ақпараттық тапшылық: Ауданның туристік нысандары туралы бірыңғай медиа-платформаның немесе картаның болмауы.</p>
Мүмкіндіктер (Opportunities)	Қауіптер (Threats)
1. Мемлекеттік қолдау: «Туған	1. Экологиялық тәуекел: Туристер

<p>жер» бағдарламасы мен ішкі туризмді дамытуға бағытталған мемлекеттік гранттарды тарту мүмкіндігі.</p> <p>2. Білім берумен интеграция: Этно-турларды мектептегі «Өлкетану» және «Қазақстан тарихы» пәндерінің практикалық бөлімі ретінде енгізу.</p> <p>3. Цифрландыру: Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, оқушылар арасында "влог" пен "фото-туризмді" дамыту арқылы ауданды таныту.</p> <p>4. Этно-ауыл жобасы: Қарғалы өңірінің брендіне айналатын заманауи этно-интерактивті орталық құру.</p>	<p>ағынының артуынан табиғи нысандардың (мысалы, сарқырама маңы) ластануы және экожүйенің бұзылуы.</p> <p>2. Қауіпсіздік мәселелері: Рельефтің күрделілігіне (таулы, сулы аймақтар) байланысты балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қиындықтар.</p> <p>3. Экономикалық фактор: Турлардың қымбаттығына байланысты ата-аналардың төлем қабілеттілігінің төмен болуы.</p> <p>4. Бәсекелестік: Көршілес аудандардағы (мысалы, Мәртөк немесе Алға) ұқсас туристік жобалардың дамуы.</p>
--	---

Жүргізілген SWOT-талдау Қарғалы ауданының этнотуристік әлеуеті өте жоғары екенін, алайда "Күшті жақтарды" (табиғат пен тарих) тиімді пайдалану үшін "Әлсіз тұстарды" (инфрақұрылым мен кадр мәселесі) шешу қажеттігін көрсетеді. Әсіресе, оқушылардың сауалнамада көрсеткен белсенді демалысқа деген сұранысын қанағаттандыру үшін қауіпсіздік шаралары мен педагогикалық сүйемелдеуді (этно-нұсқаушылар) күшейту — басты басымдық болуы тиіс.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері оқушылардың белсенді танымдық іс-әрекетке деген жоғары қызығушылығын көрсетсе, SWOT-талдау өңірдегі нысандарды жүйелі пайдаланудың мүмкіндіктері мен кедергілерін айқындап берді. Осы екі маңызды факторды — оқушы сұранысы мен ауданның ресурстық әлеуетін — өзара ұштастыру мақсатында «Қарғалы – батырлар мен аңыздар мекені» атты білім беру бағытындағы этнотур бағдарламасы әзірленді.

Бағдарламаның мазмұны SWOT-талдауда көрсетілген әлсіз тұстарды (ақпараттық тапшылықты) жоюға және сауалнамада респонденттер ерекше атап өткен этно-геймификация мен иммерсивті әдістерді қолдануға негізделген. Төменде аталған турдың бағдарламасы ұсынылады (Кесте-3).

3-кесте. Қарғалы ауданы жағдайында әзірленген авторлық этнотур бағдарламасының құрылымы

Уақыты	Локация	Бағдарлама мазмұны	Этнопедагогикалық элементтер
08:00– 09:30	Жол (Ақтөбе– Қарғалы)	Жол барысында таныстыру, ойындар, рөлдік бөлініс	Жырау форматындағы әңгіме, ұлттық музыка, рөлдік ойындар («ақсақал», «батыр»), мақал-мәтел, дәстүрлерді еске түсіру
09:30– 11:00	Қарғалы су қоймасы	Табиғат аясындағы танымдық және қозғалыс	Табиғатқа құрмет, суға қатысты тыйымдар, дәстүрлік түсініктер, инсценировка («Бұлақ көрсең, көзін аш»)

		ойындары	
11:15– 12:15	Қызылтам кесенесі	Тарихи-танымдық жұмыс, рөлдік тапсырмалар	Аруаққа құрмет, шежіре элементтері, рөлдік ойын («ата-баба мен ұрпақ»), ауызша ой айту
12:30– 14:00	Этно-лагерь	Түскі ас, қолөнер, ұлттық киімдер	Дастархан әдебі, бата беру, бауырсақ дайындау процесі, ою-өрнек, тұмар жасау, ұлттық киім мәдениеті
14:00– 15:00	Ашық алаң	Ұлттық ойындар жарысы	Асық ату, арқан тарту, «Хан талапай», «Қыз қуу», командалық жарыс
15:00– 16:30	Қасқыр сарқырамас ы	Табиғаттағы танымдық және рефлексиялық жұмыс	Табиғатты киелі ұғым ретінде түсіну, «Жер-ана» туралы түсінік, тілек айту рәсімі
16:30– 18:00	Қайту жолы	Қорытынды, кері байланыс	Рефлексия («Не үйрендім?»), пікір алмасу, ұлттық әндер

Ұсынылған этнотур бағдарламасы тек нысандарды аралаумен шектелмейді, оның негізгі құндылығы — қолданылатын білім беру технологияларында. Турдың әрбір кезеңі оқушының тұлғалық дамуына бағытталған нақты педагогикалық механизмдер арқылы жүзеге асырылады.

Осы орайда, бағдарламаның тиімділігін арттыру және сауалнама барысында анықталған оқушылардың танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін келесі этнопедагогикалық тәсілдер жүйесі қолданылды (2-сурет). Бұл сызбада көрсетілген әдістер жиынтығы турдың мазмұнын жай ғана саяхаттан саналы тәрбие процесіне айналдыруға мүмкіндік береді.

Тур бағдарламасында қолданылатын жекелеген этнопедагогикалық тәсілдер (иммерсивтілік, сторителлинг, геймификация) тек құралдар болса, олардың өзара интеграциясы мен оқушы тұлғасына әсер ету тетігі кешенді құрылымды құрайды.



2-сурет. Этнопедагогикалық тәсілдер (автормен құрастырылған)

Осы орайда, зерттеуіміздің қорытынды кезеңі ретінде барлық компоненттерді — ресурстық әлеуетті, тәрбиелік мақсаттарды және практикалық әрекеттерді — біріктіретін «Этнопедагогикалық тәсілдер арқылы балалар этнотуризмін дамытудың авторлық моделі» ұсынылады (3-сурет). Бұл модель Қарғалы ауданының тәжірибесі негізінде балалар этнотуризмін жүйелі жолға қоюдың теориялық-практикалық концепциясы болып табылады және турдың нәтижесінде қол жеткізілетін оқушының мәдени-рухани даму траекториясын айқындайды.



3-сурет. Этнопедагогикалық тәсілдер арқылы балалар этнотуризмін дамыту моделі (автормен құрастыралған)

Ұсынылған модель төрт негізгі компоненттің өзара интеграциясына негізделген. Сызбада көрсетілген әрбір блок балалар этнотуризмін жүйелі дамытудың нақты тетіктерін айқындайды:

1. Ресурстық-танымдық компонент: Бұл модельдің іргетасы ретінде Қарғалы ауданының нақты туристік нысандарын (сарқырамалар, кесенелер, табиғи қорықтар) қамтиды. Ол оқушылардың өлкетану бағытындағы білімін жүйелеуге мүмкіндік береді.

2. Тәрбиелік-мәдени компонент: Нысандарды аралау барысында жүзеге асатын рухани процесс. Мұнда оқушы бойында патриоттық сезімді ояту және ұлттық мәдениеттің эстетикасын (киіз үй жабдықтары, ұлттық киімдер) түйсіну мақсаты тұр.

3. Тәжірибелік-әрекеттік компонент: Бұл — модельдің ең белсенді бөлігі. Мұнда оқушылар тек бақылаушы емес, қатысушы рөліне ие болады. Ұлттық ойындар мен шеберлік сағаттары (қолөнер, аспаздық) арқылы этнопедагогикалық тәсілдер (геймификация, иммерсивтілік) іс жүзінде асырылады.

4. Нәтижелі-бағалау компоненті: Модельдің соңғы мақсаты — оқушының мәдени құзыреттілігін қалыптастыру. Бұл компонент арқылы біз баланың тұлғалық даму деңгейін, ұлттық құндылықтарды қаншалықты меңгергенін бағалаймыз.

Осы компоненттердің біртұтас жұмыс істеуі Қарғалы ауданындағы этнотуризмді жай ғана саяхат емес, сапалы тәрбие құралына айналдырады.

Қорытынды

Қарғалы ауданының мысалында жүргізілген зерттеу жұмысы балалар этнотуризмін дамытудың теориялық және практикалық әлеуеті өте жоғары екенін айқындады. Сауалнама нәтижелері оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген зор қызығушылығын (52%) және белсенді танымдық демалысқа (88%) сұранысын көрсетті. Осы сұранысты қанағаттандыру мақсатында әзірленген этнопедагогикалық тәсілдер мен авторлық модель өңірдегі туристік нысандарды білім беру процесіне тиімді интеграциялауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында ұсынылған модельдің практикалық маңызы — оның оқушының бойында патриоттық сезімді, командалық жұмыс пен ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы кешенді рөлінде. Бұл жұмыс Қарғалы ауданының туристік нысандарын мектептегі тәрбие жүйесінің ажырамас бөлігіне айналдыруға ғылыми-әдістемелік негіз болып табылады. Болашақта осы бағыттағы этно-бағдарламаларды кеңейту өңірдегі балалар туризмінің сапасын жаңа деңгейге көтермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Волков Г. Н. Этнопедагогика: Учеб. Для студ. Сред. И высш. Пед. Учеб. Заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 1999. – 168 с.
2. Smith G. Place-Based Education. – Oxford Research Encyclopedia of Education, 2020
3. Gonzalez, R., & Tan, L. (2024). *Integrating Ethno-Pedagogical Approaches in Youth Cultural Tourism: New Perspectives on Identity Formation*. *Journal of Heritage Education & Sustainable Tourism*, 12(1), 45-62.
4. Ақтөбе облысының тарихи-мәдени мұрасының тізімі. Ақтөбе облысы әкімдігінің қаулысы. – Ақтөбе, 2020.
5. Қазақстанның киелі географиясы. 1-том: Ақтөбе облысы. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2017.

РАЗВИТИЕ ДЕТСКОГО ЭТНОТУРИЗМА ЧЕРЕЗ ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ПОДХОДЫ: ОПЫТ КАРГАЛИНСКОГО РАЙОНА

Кенжебаева Айдана Ержанкызы

Научный руководитель: Абдуллина А.Г.

В статье рассматриваются этнопедагогические подходы к формированию национальных ценностей у школьников с использованием этнотуристического потенциала Каргалинского района. В ходе исследования авторами был проведен опрос среди учащихся и осуществлен SWOT-анализ туристических объектов региона. Практическая значимость статьи заключается в разработке авторской программы этнотура и образовательной модели, основанных на иммерсивном методе, этно-сторителлинге и элементах геймификации. Результаты исследования обосновывают детский этнотуризм как эффективный инструмент патриотического и духовного воспитания личности.

Ключевые слова: этнопедагогика, детский этнотуризм, Каргалинский район, национальные ценности, иммерсивный метод, геймификация, этнотур, краеведение.

DEVELOPMENT OF CHILDREN'S ETHNOTOURISM THROUGH ETHNOPEDAGOGICAL APPROACHES: EXPERIENCE OF THE KARGALY DISTRICT

Kenzhebayeva Aidana Yerzhankyzy

Scientific Supervisor: Abdullina A.G.

The article examines ethnopedagogical approaches to the formation of national values among schoolchildren using the ethnotourism potential of the Kargaly district. During the research, the authors conducted a survey among students and a SWOT analysis of the region's tourist sites. The practical significance of the article lies in the proposal of an original ethnotour program and an educational model based on the immersive method, ethno-storytelling, and gamification elements. The research results substantiate children's ethnotourism as an effective tool for the patriotic and spiritual education of the individual.

Keywords: ethnopedagogy, children's ethnotourism, Kargaly district, national values, immersive method, gamification, ethnotour, local history.

REFERENCES

1. Volkov, G.N. Ethnopedagogy: Textbook for Students of Secondary and Higher Pedagogical Educational Institutions. Moscow: Publishing Center "Akademiya," 1999. 168 p.
2. Smith, G. Place-Based Education. Oxford Research Encyclopedia of Education, 2020.
3. Gonzalez, R., & Tan, L. (2024). Integrating Ethno-Pedagogical Approaches in Youth Cultural Tourism: New Perspectives on Identity Formation. *Journal of Heritage Education & Sustainable Tourism*, 12(1), 45–62.
4. List of Historical and Cultural Heritage of Aktobe Region. Resolution of the Akimat of Aktobe Region. Aktobe, 2020.
5. Sacred Geography of Kazakhstan. Volume 1: Aktobe Region. Almaty: Sozdik-Slovar, 2017.